

ОЛИМПИАЯЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ЖАНДАНУЫ.

Н.Ә. Ахметов

В статье рассматривается возрождение современных олимпийских игр.

In article are considering (examining) renaissance of modern Olympic games.

Ежелгі заманғы олимпиялық ойындар сан қилы аңызға айналып, күні бүгінге дейін тарих тұңғыығында буалдыр тұман сияқты болып елестейді. Біздің дәуірімізге дейін үшінші ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Тимейдің болжамы бойынша көне олимпиялық ойындардың басталу кезеңі мөлшермен біздің дәуірімізге дейінгі 776 жыл болып саналады.

Мындаған жылдар бойы Олимпияның жұқанасы ешкім тиіспеген қалпы қалды. Тек 1824 жылы ағылшын археологы лорд Станхоф Алфея жағалауларына бірінші қазба жұмыстарына кірісті және Олимпияның жоспарын сызды. Одан ертерек, 1707 жылы бенедиктік-монах француз Дон Бернар де Монфокон өзінің «Палеография Греции» кітабында олимпиада қалашығының қазбалары жайында айтқан.

Грек халқының қиялында қанат қағып сан түрлі аңыздар туғызған көне олимпиялық ойындарды қайта жанғыртуға күш салушылар көп болды.

XVII ғасырдың аяқ кезінде немістің дене тәрбиесі саласында қайраткерлер көп еңбектеніп көрді. Алайда олардың ізденістері еш нәтиже бере алмады.

1793 жылы олимпизмді қайта өркендетуге неміс гимнастика мектебінің негізін салушы Гутс-Мутс ұсыныс жасады. Бірақ ол қолдау таппады. 59 жыл өткесін Олимпиада ойындарының идеясы «Олимпия» атты дәріс түрінде кең қауымға паш етілді. Ол 1852 жылдың 10 қаңтарында немістің басқа гимнасты Эрнст-Курциуспен Берлинде оқылды. Германия кайзері Фридрих-Вильгельм ІҮ осы лекцияны тыңдап болғасын былайша мәлімдеді: – Бұл адамның сендіріп айтқаны соншалық, мен қолымдағы сапты аяқпен көшенің қақ ортасына ерікті қайыр көрсетулер үшін шыққым келді! Осы сөздердің әсері ме, бері келе мемлекет басшылары ойындарды қаржыландырмай қойды. Олар Олимпиадаға қайыр көрсетуге жинауға ғана көмектесті.

Ал Грециядағы толғаныстар өзінше бір төбе еді. 1821-1829 жылдардағы Грецияны азат ету қозғалысы кезінде олимпиялық ойындарды жандандыру ісі өріс алды. Осы кезде Грецияның азат ету қозғалысының

белсенді күрескерлерінің бірі Э.Цаппас дәулетті адамдардан жиналған мол қаржыны түгелдей жаңа олимпиялық ойындарды дүниеге әкелуге жұмсады. Ойындар өтетін құрлыстар салдыра бастады. Олимпиялық ойындарды төрт жылда бір рет өткізіп тұруды белгіледі. Сонымен бірге олимпия кезінде шаруалық өнімдерін көрме ұйымдастырып тұруды жөн көрді. Сөйтіп Э.Цаппас алғаш өткен олимпияға өзі басшылық етті. Сонымен Афинада 1859, 1870, 1889 жылдары олимпия өтті. Алайда бұл жарыста аса тар шеңберде ұйымдастырылған еді. Себебі ол бүкіл грециялық немесе халықаралық деңгейге дүбірлі жарысқа ұласа алмады. [1]

XIX-ғасырдың соңында экономикалық және мәдени халықаралық байланыстардың өсуі спорттың дамуына да өзіндік үлес қосты. Түрлі жарыстар халықаралық аренаға көтеріле бастады. Көптеген спорт түрлерінен халықаралық жарыстар өтті. Халықаралық спорт федерациялары ұйымдасты. Мәселен, 1881 жылы Еуропаны гимнастик одағы құрылды. Спорт жарыстары халықаралық деңгейде өткізу үшін оның бірегей ережесімен салтын, дәстүрін қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бұл осы заманға олимпиялық ойындардың отауын тігуге қолайлы кезең туғанын аңғартты.

Осы кезде талантты педагог Барон Пьер де Кубертэн ежелгі олимпиялық ойындардың бүкіл дүние жүзі жастарының сүйікті ісіне айналуына мақсат етті. Ол спорт жарыстары халықтардың мәдениетіне байланысты нығайтуға жол ашатынын түсіне білді. Қазіргі олимпиялық ойындардың негізін қалаушы Пьер де Кубертэннің пікірі халықаралық спорт қозғалысында негізгі бағыты болып келді. [2]

1889 жылы француз үкіметі Кубертэнге жастарды спорттық тәрбиелеудің шет елдік тәжірибесін оқып үйренуді тапсырады. Ол қызу жұмысқа кіріседі. Барлық елдерге сұрақтар жібереді, онда университеттерде, колледждер мен лицейлерде спортты оқыту әдістемесіне қызығушылық танытып, шет елдік әріптестерімен хат алысуды ойластырады. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Кубертэн Еуропаға сапар жасап, сол жақтардан олимпиада идеяларын жақтаушы адамдарды тауып алады. Еліне оралысымен, 1892 жылдың 25 қарашасында Париждің Сорбонна залында Кубертэн «Олимпийский ренессанс» дәрісін оқиды. Сол кезде ол өзінің әйгілі сөзін айтады: - Спортты интернационалды ету керек, Олимпиада ойындарын қайта өркендету қажет!

Тыңдаушылар алдында ол эллиндік өркениет картинасын сызып береді, ондағы мақсат сұлу, ақылды, дамыған адамды тәрбиелеу. Ертеректегі эллиндіктер культқа үйлесімді дамыған адамдарды айналдырған, интелектуалды білім берудегі мүкістер сияқты, дене қасиеттерінің даму жағынан артта қалғандарды намыссыз деп есептеген. Платон жазып білмейтіндерді, жүгіре және жүзе алмайтындарды да ақсақтар қатарына қосқан. «Келісті адам» терминіне сәйкес келетін ертеректегі танымал адамдардың аттары тарихта сақталған. Барлық әлем оқушыларына

теоремасымен танымал Пифагор күшті жұдырық иесі болған. Медицина әкесі саналатын Гиппократ жауынгер және салт атты, ал философтар Платон мен Сократ, ақындар Софокл мен Еврипид спорттық жетістіктері үшін түрлі наградалармен марапатталған. Біз де осы өркениеттің ізбасарларымыз! – деген Пьер Де Кубертэн. [3]

Сонымен, үндеу тасталды. Әр елдердегі достарының көмегімен Кубертэн олимпизм қолдаушыларының бүкіл әлемдік кездесуін ұйымдастырады. Бұл кездесу – нақтырақ айтсақ Құрылтай конгресі 1894 жылдың 23 маусымында Сорбоннада өтті. Он екі елден келген екі мың делегаттармен бірауыздан Олимпиада ойындарын жандандыру және Халықаралық олимпиада комитетін (ХОК) құру туралы шешім қабылданды. Бұл олимпиада қозғалысының жоғарғы басқарушы органы, оның құрамына он екі елдің он төрт өкілі кірген, Ресейден генерал А.Д.Бутовский да бар. ХОК алғашқы мүшелері өз елдерінде ұлттық олимпиада комитеттерінің ұйымдастырушылары да болды.

Кубертэннің бастамасын Париждегі (1894) Құрылтай конгресінде 12 елдің өкілдері қолдады. Олимпиада қозғалысын басқаратын орган – Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) құрылды және баронмен жасалған Олимпиада хартиясының жиынтық жобасы мен ХОК ережесі бекітілді.

Париж конгресіне қатысқан 34 мемлекеттің 12-сі өз өкілдерін жіберіп, 22-сі жазба келісім берді. Комитеттерінің өкілдері жаңа олимпиялық ойындардың орны мен өту мерзімін белгіледі. Пьер де Кубертэннің ұсынысы бойынша 20 ғасырдың басында олимпиялық ойын Парижде өтуі тиіс еді. Алайда конгреске жиналғандар олимпиялық ойындардың отаны – Греция өкілінің ұсынысын жақтады. Гректердің ұсынысы бойынша бірінші олимпиялық ойындар 1896 жылғы 6-15 сәуірде Афиныда өтетін болып шықты.

Бұл оқиға әлемде спорт қозғалысын өркендетудің жаңа бет бұрысы болды. Бұл дүние жүзі халықтарының бір-бірімен ұғынысуының, спорт саласындағы мүдделі мәселелерді ортақтасып шешуінің прогресті негізін қалады.

Олимпияның ашылу салты 1896 жылы 5 сәуірде өтті. Ақ мрамордан өрілген стадионға жиналғандардың қуанышында шек жоқ еді. Өйткені қасиетті олимпия ойындары көне заманнан қайта оралып, өзінің думанды жолын жаңаша бастады. Адамзат баласына достықты паш ететін спорттық жарыстар жалынын алып келді. Жарысқа 14 елден 245 спортшы қатысты. Олар спорттың 8 түрінен Олимпиялық ойындардың жүлделі орындарын сарапқа салды.

Олимпия ойындары салтанатында Замардың гимні айтылып, зеңбіректен салют беріліп, бейбітшілік символы көгершіндер ұшырылды.

Олимпиялық ойындарды қызықтаушылардың көп жиналғандығы жөніндегі осы көрсеткіш 1932 жылғы дейін бірінші орында болды.

Бірінші олимпияға Австралияның, Австрияның, Болгарияның, Ұлыбританияның, Венгрияның, Грецияның, Данияның, АҚШ-тың, Францияның, Чилидің, Швейцарияның командалары қатысты. Бұл жарысқа Ресейдің спортшылары да қатысуға тиіс еді. Елдегі мешеулік жағдай оларды мұндай мүмкіндіктен қол үздірді.

Сөйтіп қазіргі заманғы Олимпиялық ойындардың бірінші жарысы Афиныда өтті. Стадионның сырт сәулеті көрікті көрінгенімен оның жүгіру жолдары тым жұпыны еді. Жарыс жолының тарлығы әрі өте жұмсақтығы спортшылардың жоғары нәтиже көрсетуіне көп кедергі болды. Мәселен, 100 метр қашықтыққа жүгірген спортшының жоғары көрсеткіші 12 секундтан кемімеді. Ал 1500 метрге жүгірушілердің арасында жеңіске жеткен австралиялық Э.Флэктің көрсеткіші 4 минут 33,2 секунд болды.

Бірінші Олимпияның тұңғыш алтын медалін американдық Дж. Коннолли жеңіп алды. Ол қашықтыққа үш дүркін секіруде 13 метр 71 сантиметр нәтиже көрсетті. Жалпы жеңіл атлетиканың 15 түрінен өткен жарыстың 9 түрінен Америка Құрама Штаттарының спортшылары бас жүлдеге ие болды.

Гректердің нақты сенгені диск лақтырудан бас жүлдеге ие болу еді. Өйткені көне олимпиялық ойындардан бері ұлттық спорт түріне айналған осы саладан олар көп дайындық жүргізген. Алайда олардың бұл үміті ақталмады. Американдық Р.Гэррет диск лақтыру техникасын тұңғыш рет Афиныда көріп алды. Ол 29 метр 15 сантиметр нәтиже көрсетті. Ал грек П.Параскевопулос 28 метр 95 сантиметр қашықтықты алып екінші орында қалып қойды.

Марафондық қашықтыққа жүгіру олимпия ойындарын қызықтаушыларға ерекше әсер қалдырды. Өйткені бұл қашықтықтың гректер үшін өзіндік тарихы бар еді.

Осы заманғы олимпиялық ойындардың іргетасын қалау жөніндегі ой-пікір бір арнаға тоғысып, игілікті іске жол ашыла бастаған кезде француз филологы, ғалым әрі педагог Мишель Бреаль Грецияны осы заманғы бірінші олимпиялық ойындар өтер қарсаңында, 1896 жылдары аралайды. Бреаль өзінің ұлымен бірге Греция өңіріне емін-еркін саяхат жасай жүріп, Олимп тауының басына көтерілді. Мәрмәрден соғылған ертедегі олимпия стадионын көрді. Осы арада Мишель Бреаль өз отандасы Пьер де Кубертэннің осы заманғы олимпиялық ойындар жөніндегі идеясы мен эллендердің аңызы жайлы толғанысқа түседі.

Греция өңіріндегі сан қилы аңыздардың бірінде біздің дәуірімізге дейінгі 490 жылы Марафон деревнясының түбінде афиндықтар мен

парсылардың арасында шешуші үлкен айқас болады. Пелопонес жеріне басып кірген парсыларды Мильтиэд тас-талқан етеді. Осынау жеңістің хабарын Афиныға жауынгер Файдиппидес жаяу жүгіріп келіп жеткізді. Ол «Қуанындар! Біз жеңдік!» деген екі ауыз сөзді айтып, жан тапсырады. Шайқас жөніндегі шежірені тарих атасы Геродот паш етсе, хабарды жеткізген жауынгер жайлы деректі осыдан 500 жыл өткеннен кейін Плутарх мәлім етті.

Осынау талайды тамсандырған аңыз жайлы сан қилы жорамалдар бар. Бағзы біреулер мұны ойдан шығарылған аңыз десе, екінші біреулер оның өмірде болған оқиға екеніне шүбә келтірмейді. Қалай болғанда да бұл аңыз грек халқының тарихынан көрнекті орын алып келеді.

Мишель Бреаль аңыз жаңадан ірге көтергелі отырған олимпия тарихынан лайықты орын алу керек деп тапты. Өзінің ой-пікірін ол олимпия басталар алдында хат арқылы Пьер де Кубертэнге жолдады.

«Егер Афины олимпиясын ұйымдастыру комитеті қарсы болмаса, марафондық солдаттың ерлігін паш ететін қашықтыққа сәйкес жарыс өткізуді ұсынамын. Жарыс жеңімпазына тағайындалатын сыйлықты өзім көтерер едім».

Кубертэн бірінші олимпиялық ойындардың салтанатты жабылатын күні 1896 жылы 10 сәуір күні күндізгі сағат 2-де өтті. Марафон деревнясынан Афиныға қарай 5 елден 17 спортшы жарысқа шықты. Бұл 40 километрлік қашықтық жер еді. Стадионға жиналған 80 мың гректің бәрі де отандастарының мерейі үстем болуын тіледі. Жарысушылардың әрбір он километр қашықтықты өткен кездегі келе жатқан легі жайлы жедел хабар стадионға жеткізіліп тұрды.

21 километрлік белгіге жеткенде «Француз А.Лермюзье топ басына шықты. Ол өзін өкшелеп келе жатқандардан «3 километр ұзап кетті» деген хабар жетті. Стадиондағы жұрт бұл хабарды естігенде қатты таңданды. Жарыс дүбіріне дүрлігіп отырғандардың айқай-шуы кенет су сепкендей басылды.

30 километрлік белгіге жеткенде топ басына австралиялық Флэк шықты. 32 километрлік белгіге жеткенде Флэкті грек Спирос Луис қуып жетті. Олар 36 километрлік белгіге дейін қатарласып келді. Аптаған ыстық, аңызак жел әрі ұзақ қашықтыққа жүгіруге әзірліктің жоқтығы алғашқы марафоншыларды қатты қиналдырды. Жарыс жолын 17 желаяқтың жетуі ғана аяқтай алды. Қалғаны жол ортада-ақ қатардан шығып қалды.

Стадионға бірінші болып Спирос Луис келді. Оның көрсеткіші 2 сағат 58 минут 50 секунд. Жарыс жеңімпазын стадионға жиналған жұрт гүл шоқтарымен қарсы алды. Артиллериядан салют беріліп, қошамет көрсетілді. Алғашқы чемпионның есімін еңбектеген баладан бастап, еңкейген қарияға

дейін жатқа білді. Тіпті жанкүйерлер Луисті көтеріп король Георг-I-дің ложасына да алып шықты.

Сіңірі шыққан кедей су тасушының баласы бір күнде гректердің ұлттық батыры атанып шыға келді. Жарыс жеңімпазына сыйлықтар жаңбырдай жауды. Қуанышқа кенелген жұртшылық оған өз хал қадірінше қошамет көрсетті. Ресторанның қожасы Спирос Луистің бір жыл бойы тегін тамақтандырамын деп ант-су ішіп, уәде берді. Ал шаштараздар өле-өлгенше сақал-мұртын тегін басып, шашын өзі қалаған үлгіде алуға ант етті. Оған сыйланған кубоктармен алтын сағаттар да, медальдар да есеп жоқ еді.

Газеттер олимпия чемпионының алғаш сыйлықтарын ұзақ уақыт бойы сан-саққа жүгіртіп, талайдың таңдайын қақтырып тамсандыра жазған. Тіпті король Георг-I Спирос Луиске министрдің міндетін атқаруды да ұсыныпты-мыс деген кеуесет те бар.

Спирос Луис осыдан кейін ешбір жарысқа қатыспаған деседі. Өзіне шағын үй сатып алып, отбасы құрып, қоңыржай шаруашылыққа иелік еткен көрінеді. С.Луис 1940 жылы дүние салыпты.

Осы арада «Спирос Луис олимпияға дейін спортпен шұғылданған ба?» деген сұрақ туады.

Спирос Луис олимпиялық ойындардың басталуына 5 күн қалғанға дейін спортшы болу дегенді өңі түгіл түсінде де көрмеген. Ол майор Пападиамантопулос деген біреудің қосшысы болып қызмет етіпті. Майор олимпияның ұйымдастыру комитетінің жұмысына I олимпиялық ойындар басталардан сәл-ақ бұрын қатыстырылыпты.

Марафондық қашықтықта жарысу үшін Грециядан үміткерлер жинау ісі басталған кезде небәрі 21 адам жазылды. Олар 40 километрлік қашықтыққа жүгіруге тиісті. Осы топқа майор Пападиамантопулос өзінің қосшысын қосады. Ол С.Луистің шыдамдылығын, ерік-жігерін, күштілігін бұрыннан аңғарып жүреді екен. Олимпияға 5 күн қалғанда 21 адам 40 шақырым қашықтыққа жүгіріп, Луис 3 сағат 18 минут 25 секунд көрсетіп, төртінші орында келеді. Осы көрсеткіш оның құрама командаға енуіне мүмкіндік береді. С.Луис олимпия ойындарында марафондық қашықтыққа жүгірудің тұңғыш чемпионы тұғырына осылай көтеріліпті.

Сонымен I Олимпия ойындарының жарыстары аяқталғанда ресми емес есепте Греция құрама командасы бірінші орынға шықты.

Жарыс жеңімпаздарына марапаттар олимпия ойындарын жабу рәсімі өткізілетін күні тапсырылды. Чемпиондық тұғырға көтерілгендер үшін, жеңіске жеткен спортшы отанының ән-ұраны ойналып, мемлекеттік туы көтерілді.

I Олимпиялық ойындар жоғарғы деңгейде өтті. Мұның өзі халықаралық қарым-қатынаста спорттың зор маңызы бар екенін көрсетті, әрі спортты тез өркендетуге, көптеген мемлекеттердің бұл салада шұғыл бетбұрыс жасауына көп ықпал етті.

Тұңғыш олимпиялық ойындардың дүбірі дүние жүзіне таралды. Оның қызықтылығы, көптеген елдердің назарын аударды. Сөйтіп, олимпиялық ойындардың жаңаша үлкен жолы басталды.

I Олимпиялық ойындардағы медальдарды бөлісу кестесі

| № | Командалар | Жеңіп алған медальдар | | |
|----|-------------|-----------------------|-------|------|
| | | Алтын | Күміс | Қола |
| 1 | Греция | 10 | 19 | 17 |
| 2 | АҚШ | 11 | 7 | 1 |
| 3 | Германия | 7 | 5 | 2 |
| 4 | Франция | 5 | 4 | 2 |
| 5 | Ұлыбритания | 3 | 3 | 1 |
| 6 | Дания | 1 | 2 | 4 |
| 7 | Венгрия | 2 | 1 | 2 |
| 8 | Австрия | 2 | - | 3 |
| 9 | Швейцария | 1 | 2 | - |
| 10 | Австралия | 2 | - | - |

Алғашқы олимпиялық ойындар өтетін қарсаңында Греция өкілдері оны «тек қана Афинада өтетін болсын» деген ұсыныс айтты. Барон Пьер де Кубертэн бұл пікірге үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол олимпиялық ойындар әлемінің әр елде өткенде ғана спорттар жер шарының түпкір-түпкірінде кең насихаттай аламыз деген шешімге келді.

Осы заманғы Халықаралық Олимпиялық Комитетінің (1894-1896ж.ж) тұңғыш президенті олимпиялық ойындардың ту тіккен Отаны - Грецияның азаматы, ақын Деметриус Викелас болды. Мұның өзі Грецияға көрсеткен құрмет еді. Пьер де Кубертэн бас секретарь болып сайланды. 1896 жылы Пьер де Кубертэн (Франция) ХОК-тің президенті болып сайланды. Ол осы міндетті 1925-жылға дейін атқарды, 1937 жылы 2-қыркүйек күні Лозанне қаласында ХОК-тің екінші президенті, Барон Пьер де Кубертэн дүние

салды. Оның өсиеті бойынша денесі Олимп өңіріне жерленді. Оның қабірінің басындағы ескерткіште мынадай сөздер жазылған: «Оның тірі кезінде жүрегі ертедегі осы орын деп соқты, енді ол осынау қасиетті Олимпия топырағында мәңгілік тыныштық құшағына енді». ХОК-тің үшінші президенті болып граф А. Де Бале-Латур (Бельгия) сайланды. Ол олимпиялық ойындар қозғалысына 16 жыл (1925-1942 жылдар) жетекшілік етті. Бұл кезең олимпиялық ойындар қозғалысындағы өте ауыр белесі еді. Граф А. Де Бале-Латур 1940 жылы қайтыс болды.

ХОК-тің төртінші президенті болып, жеңіл атлеттердің халықаралық одағының председатели Зигфрид Эдстрем (Швеция) сайланады. Ол 1952 жылға дейін Халықаралық Олимпиялық Комитетке жетекшілік етті. 1952 жылы оның орнына ХОК президенті болып Э. Брендедж (АҚШ) сайланды. Ол бұл міндетті 1972 жылға дейі атқарды. 1972 Э. Брендеждің орнына ХОК-тің президенті болып лорд М.Килланин (Ирландия) сайланады. Х.А.Самаранч (Испания) 1980 -2000 жылдары, Ж. Рогее (Бельгия) 2000 жылдан кәзіргі уақытқа дейін атқарып келеді.

Әдебиеттер:

1. Ким Ун Ен. МОК, Олимпийское движение и международные отношения \\ Международное спортивное и олимпийское движение.-М.,1993.-С.20-3.
2. Киселев Р.М. Десятый Олимпийский конгресс (публицистический обзор). – М.: Физкультура и спорт, 1975.-102с.
3. Кун Н.А. Легенды и мифы Древней Греции - М.: Просвещение, 1975г.